



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

қойған мақсатымыз, Шығыс-Сарыарқа өңірлеріне барып, зерттелмеген жер-су атауларына зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер.-А.: Жалын, 1981, 235 б.
2. Шығыс Қазақстан өңірінде кездесетін басқа тілден енген жер-су атаулары. –Астана: Фолиант, 2012, 180 б.
3. Бейсенов А.З. К проблеме поиска и изучения поселений раннего железного века центрального Казахстана /Историческая наука: Проблемы развития. Матер. Международной научной конференции. - Луганск, 2002, С. 9-12.
4. История озер Севан, Иссык-куль, Балхаш, Зайсан и Арал.- Л.: ЛГУ, 1991, 250 с.
5. Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық этимологиялық және этномәдени негіздері.- /Докт. Дисс. ... авторефераты.– Алматы, 2006, 50 б.
6. Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. –А.: Дәуір, 2014, 430 б.
7. Сапаров Қ.Т. Қазақ шығысының өзен-көл атаулары.-Павлодар: Кереку, 2012, 216 б.

ӘОЖ 902/904

МУЗЕЙ ЭКСПОЗИЦИЯСЫНДА КӨНЕ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұсырманкүл Пердехан Бекмағамбетұлы

pmusilmankul@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология кафедрасының оқытушысы,
Астана, Қазақстан

Қазақ мемлекетінің тарихы мыңдаған жылдардың қойнауына терең бойлаған және адамзат тіршілігіне әсер еткен қат-қабат оқиғалармен байланысқан өзіміздің ата-бабаларымыздың тарихы. Осы себептен де бүгінгі күні Қазақстан Республикасының әр азаматы ұлттық тарихқа ерекше ықыласпен қарап, туған баласындай өз ата-бабасының мұрасына қамқорлық жасауы қажет. Осы тұрғыдан алғанда мемлекет басшылығының ұлттық тарихты, мәдени құндылықтарымызды, ата-баба мұрасын зерттеу және насихаттау үшін, сонымен қатар мемлекет ішінде тарихи және мәдени мұраны қорғау және сақтау жұмыстарын үйлестіру орталығы қызметін атқару үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық музейін құру туралы бастамасы мемлекетіміздің мәдени даму тарихындағы аса маңызды қадам ретінде бағаланады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі әлемдік геосаясатта және мәдениеттердің тоғысында ерекше орын алып отырған біздің еліміздің бет бейнесі.

Музей экспозициясын тартымды ету үшін заманауи технологияларды пайдаланумен қатар келушілер үшін жәдігерлерді макеттік үлгіде көрсетудің де маңызы өте жоғары. Еліміздегі бірегей мәдени және ғылыми орталыққа айналып келе жатқан «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» экспозициясындағы көптеген ескерткіштер мен көне дәуірлердегі тіршілік көріністерін сипаттайтын макеттерді ұтымды пайдалану ісі жақсы жолға қойылған. Солардың қатарында «Алтын залында» көрсетілген көне дәуірлердегі тау-кен өндірісі, ерте көшпелілердің зергерлік дәстүрі, археологиялық қазба жұмыстары барысының көріністері және Шығыс Қазақстан жерінен табылған атақты Шілікті сақ-патша обасының архитектуралық құрылысы, Есік обасының макеттік үлгілері келушілерді бірден баурап кетеді. Мұндай қызығушылықтың артуының өзіндік заңдылығы бар. Себебі, аталған ескерткіштердің ішінде сақ-патша обаларының ерте заман тіршілігін сәулелендіретін бірден-

бір нысандар. Көне Египеттегі әлемге әйгілі пирамидалар секілді, Еуразия кеңістігінде көптеп кездесетін сақ-патша обалары далалықтардың дүниетанымының негізі, өнерінің көрсеткіші. Қазақ мәдениетінің ерте темір дәуірі кезіндегі төркінін ашып, қазақ дүниетанымы мен этнографиялық сарқыншақтары арқылы барымызды қайта жаңғырту негізінен үйінді ретінде жеткен жерлеу орындары – обаларды зерттеу арқылы жүзеге асырылатыны анық. Бұған дейін көшпелілер мәдениетін жоққа шығарған пікірлер соңғы кезеңдегі жаңа зерттеулер негізінде жаңа қырынан қарастырыла бастады.

Ұлттық музейдің «Алтын залындағы» көрсетілген Шілікті обасының қазақ тарихында алатын орны да ерекше. 2003 жылы Шілікті жазығында т.ғ.д. профессор Ә.Т. Төлеубаевтың жетекшілігімен жаңа бағыттағы кешенді зерттеу жұмыстары басталды. Экспедиция құрамында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің, Шәкәрім атындағы СМУ, Семей мемлекеттік педагогикалық институтының бір топ ғалымдары, магистранттары мен студенттері ат салысқан. Бүгінгі таңға дейін жалғасып келе жалғасып келе жатқан Шілікті археологиялық экспедициясы Шілікті I, II, III, IV, V қорымдарында қазба қазба жұмыстарымен айналысып келді.

2003 жылғы негізгі зерттеу жұмыстары Шілікті – 3 обалар тобындағы №1 обада (Бәйгетөбе – с. М.П.) жүргізілген. Бұл оба топтағы басқа обалардан өзінің үлкендігімен және өте оқшау орналасуымен ерекшеленіп тұр. Обаның қазбаға дейінгі бйіктігі 7,9 м, диаметрі оңтүстіктен солтүстікке қарай 99 м, шығыстан батысқа қарай 97,4 м құрады [1, 207 б.]. Қорған архитектуралық құрылысының күрделілігінен мұндағы жерленген сол кезеңдегі адамның қоғамдағы ерекше орын алатындығы аңғарылып тұрды. Яғни, адамның алтынмен киіндіріп көмілуі оның патшалық дәрежесін көрсетіп тұр. Әдетте, ерте көшпелілерде елбасын ерекше құрметпен о дүниелік сапарға шығарып салу дәстүрі бұған дейін Есік обасынан, Алтайдағы Берел қорымдарынан анықталған болатын.

Ғалымдар Бәйгетөбе обасындағы қазба жұмыстары нәтижесінде үлкен ғылыми жетістікке жетті. Обадан 4303 алтын әшекейлер табылды. Оның 153 данасы мәлінің маскасы бейнесінде, 36 данасы бүркіт-самұрық, 20 данасы бұғылар, 39 данасы қасқыр (аю) түрінде, 1 түйме қаптырма бесжұлдыз, 1 қаптырма арқар бейнесінде. Сонымен қатар 23 дана қоңырауша түріндегі, 63 дана кеңірдекше түріндегі, 17 дана алтын тілікші, 7 дана алтын сым, 141 жартышар түріндегі салпыншақтар, 2835 дана миниатюрлық құлақшалы, кесеге ұқсас салпыншақтар, 223 ұсақ кеңірдекше тізбе, 743 шығыршық тізбе және бір дана кішкене қапсырма шеге табылған. Айта кетер тағы бір жайт, сақ-скиф әлемінің басқа алтын әшекейлерінен қарағанды Шілікті алтындарының ерекшелігі – ол сынабы өте жоғары және құйма алтын [2, 165 б.].

Сақ тайпаларының діни түсініктері туралы жерлеу материалдарына қарап, сақтарда ата-баба аруағына, отбасылық-рулық әулиелер мен желеп жебеушілігіне сыйыну ғұрыптары болған. Сондай-ақ Шілікті 3 қорымы № 1 (Бәйгетөбе) қорғанындағы сақ патшасы киіміндегі әрбір аң бейнесі (бүркіт, бұғы, архар, таутеке, қасқыр-қонжық) патшаға бағынған ру-тайпалардың тотемі, тайпа белгісі болуы да мүмкін [3, 83 б.].

Бәйгетөбе обасы басқа қорғандарға қарағанда ерекше үлкен және топта оқшау орналасқандығын бірден аңғаруға болады. Ол Жалши ауылының оңтүстігінде 17 обадан тұратын Шілікті-3 обалар оңтүстіктен солтүстікке тізбектеле қарай орналасқан. Ә.Т. Төлеубаев сақтарда мемлекеттілік болғандығының дәлелі олардағы үлкен, орташа, кіші обалардың болуымен көрсетеді [4, 331 б.]. Бұл құбылыс сақ қоғамындағы терең әлеуметтік жіктелістің айғағы. Яғни, ел басқарған, қоғамда ерекше орны бар адамдарды жерлеу ерекше салтанатпен, бүкіл ел-жұртының қатысуымен, басына аса көрнекті ескерткіш-мола салуымен дараланған.

Бәйгетөбе обасының құрылысы өзінше сипатқа ие. Оба үш қабаттан тұрады. Ең жоғарғы қабаты топырақ, шым және құм араласқан қиыршық тастан тұрады. Екінші қабаты

үйіндіден тұратын тас оба. Осы тас обаның астында жуан қарағай бөренелерінен қималанып салынған қабірхана бар.

Сыртқы топырақ қабатының астында орналасқан тас оба таудық жақпар және өзеннің малта тастарынан үйілген. Оның биіктігі 4,9 м, диаметрі 18 м. Тас оба жалпы обаның батыс жағына қарай ойысып орналасқан. Тас оба астындағы ағаш қабірхананың биіктігі 3,5 м, керегелері жуан екі қатар самырсын бөренелерден қималанып салынған. Бөренелер бір-біріне қиылысқан тұсында ойылып тығыз жымдастырылмаған. Сондықтан олардың арасындағы туыстар тау тастарымен және шыммен толтырылған. Қабірхана ұзына бойымен шығыстан батысқа қарай көне жер бетінде орналасқан. Құрылыстың шығы жағы пирамидаға ұқсатып салынған. Ағаш құрылыстың әсіресе, бұрыштары жылжып кетпес үшін шым және таспен тиянақтап бекіткен. Дәл сол сияқты Тывадағы қорғандар да көне жер бетінде салынған, алдымен жерлеу қабірханалары ағаштан салынып содан кейін айнала қоршаған тастар қаланып, қорған үстіне тас үйіндісі үйілген.

Қазақстан жеріндегі көптеген сақтардың жерлеу ескерткіштерінде кездесетін қабірханадан шығыс немесе оңтүстік шығысқа бағытталатын жер асты дәлізін (дромос) салу дәстүрі белгілі. Бәйгетөбе обасының да қабірханасының шығыс жағынан үлкен және кіші – екі жер асты дәліздері (дромос) анықталған. Қабірханаға апаратын үлкен жер асты дәлізінің ұзындығы 15,5 м, ені 2,5 - 3 м, тереңдігі – 1 м. Оның төбесі көлденең қойылған бөренелермен жабылған. Үлкен дәліздің орта шенінің 5,5 метрдей тұсы тастар үйіліп, шегеленіп тасталынған. Профессор Ә.Т. Төлеубаевтың пікірінше дромосқа кіретін есіктің болмауы, о бастан жерасты дәлізінің ірі тастармен шегенделіп тасталуы, бұл құрылыстың таза ғұрыптық қана мәні болғанын көрсетеді деп топшылайды [1, 208 б.] .

Үлкен жер асты дәлізінің тура жанынан кіші дромос салынған. Ол дромоспен қабірхананың аузына жақындаған жерде қосылады. Үлкен дромос пен кіші дромостың қосылар жерін ұсақ тастармен уақытша қалап тастаған. Кіші дромостың ені 0,8 м, тереңдігі 1,4 м. Ғалымдардың тұжырымдары бойынша бұл жер асты дәлізін адамдар әр кез қабірханаға кіру үшін пайдаланған .

Ғылымда соңғы жылдарға дейін «патша обалары» тек жерлеу орыны ретінде қарастырылып, одан қазба кезінде табылған заттарына ішкі құндылықтарына көбірек көңіл бөлінді. Ғалымдардың соңғы кездегі зерттеулерінің нәтижелеріне сүйенер болсақ, аталмыш ескерткіштердің кешенді құрылыс, яғни басқа да ғұрыптық шаралар өткізгендігін және жәй ғана үйінді топырақ емес, ерте көшпелілердің өз заманына сай бай архитектурасы болғандығын айта аламыз. Профессор Ә.Т. Төлеубаев: «Шілікті материалдары сақ-скиф аң стилінің алғаш пайда болған аймағы, жалпы сақ-скиф этномәдени бірлестігінің бастапқы Отаны, сол дәуірдегі этномәдени миграция, сол заманның әлеуметтік мәселелеріне қатысты жақсы деректік негіз бола алады», деп өз ойын тұжырымдайды [5, 137 б.]. Ғалымның пікірінше Бәйгетөбе обасының құрылысы мен табылған заттарының сараптамасына қарап ескерткішті б.з.д. VIII ғасыр деп мерзімдеген.

Ұлттық музейдің «Алтын залында» орналасқан Шілікті жазығындағы Бәйгетөбе обасының макеті жоғарыда көрсетілген ғылыми негізі сақтала отырып жасалған. Қорған құрылысының артқы бөлігінде ескерткіш орналасқан Тарбағатай өңіріндегі Шілікті жазығының суреті үйлесім тауып тұр. Обаның қимасы арқылы оның архитектуралық құрылымымен толық танысуға болады. Сондай ақ, заманауи «scobe-vision» (скоп-вижн) құрылғысы арқылы қазба барысында табылған жәдігерлерді сол қалпында көруге мүмкіндік жасалған.

Аталған залда, Бәйгетөбе обасынан табылған алтын әшекей бұйымдар арқылы алғаш рет т.ғ.д., профессор Ә.Т. Төлеубаевтың ғылыми негіздемесімен жасалған «Шілікті Алтын адамының» қалпына келтірілген үлгісі зал экспозициясының тартымдылығын одан әрі арттырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мұсырманқұл П.Б. Шілікті жазығында жүргізілген жаңа археологиялық зерттеулердің қорытындылары // «Қазақстан археологиясы мен этнологиясы: жетістіктері мен инновациялық технологиялары» атты археология және этнология кафедрасының 40 жылдығына арналған «ІІІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. Алматы. 2011. 375 б.
2. Төлеубаев Ә.Т. Шіліктіден шыққан ерте сақ алтыны // Қазақстанның мәдени мұрасы: жаңалықтары, мәселелері, болашағы. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы. 2005. 165-169 бб.
3. Омаров Ғ.Қ. Шілікті және Шағаноба қорғандарының зерттелуінен (С.С.Черниковтың жарияланбаған 1959 жылғы архив материалдары негізінде) // «Қазақстандағы этностардың дәстүрлі мәдениетіне қатысты музей жинақтары: зерттеу мәселелері мен сақтау перспективалары» атты республикалық ғылыми-практикалық семинардың материалдары. Алматы. 2009. Б. 82-84.
4. Төлеубаев Ә.Т. Шілікті жазығы – сақтардың алғашқы мемлекетінің ту тіккен ордасы. Қазақстан тарихынан. Шежірелер, пікірлер, зерттеулер. – А.: Қайнар, 2004, 326-334 бб.
5. Төлеубаев Ә.Т. Шілікті ерте сақ патша обаларының зерттелу нәтижелері // Актуальные проблемы исторической науки Казахстана. Материалы международной научно-практической конференции. Алматы. 2009. 135-145 бб.

ӘОЖ 902.01

ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АТ ӘБЗЕЛДЕРІ: АУЫЗДЫҚ ЖӘНЕ СУЛЫҚ

Нұрболатұлы Еділ

nurbolatuly.edil@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология мамандығының 1 курс
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Д.Байтілеу

Салт жүріс тарихында жылқыны басқаруға арналған бірнеше құрылғылар белгілі. Олардың барлығы өзімен бірге жылқының ауызы мен тұмсығына ауыртпалық әсерлерін алып келді. Көнедегі жеке салт аттылар қазіргі кездегі «Haute Ecole» шеберлері сияқты жылқыны еш күштеусіз меңгере білген. Алайда кәдімгі күнделікті еңбек күнде, жылқының немесе салт аттының өміріне қауіп төніп, қосымша күшті қажет ететін аң аулау мен соғыста күштеусіз болмайтын.

Ат әбзелдерінің ішінде ең көп кездесетіні – ауыздықтар. Қазір Орталық Қазақстан жерінен ауыздықтың 13 жұбы табылған. Оның екеуі кездейсоқ табыстар, біреуі Қарағанды облысының Қарақаралы ауданынан, екіншісі Ақмола облысының солтүстік бөлігінен (Бейсенов А.З. 1989, 12-б.) және тағы бір жұбы 1957 жылы Толағай қорымындағы «мұртты қорғанның» тас қоршауында кездескен. Қалған оны 1959 және 1961 жылдар аралығын зерттелген Тасмола қорымының жерлеу орындарынан табылған. М.Қ. Қадырбаев Тасмола қорымдарынан табылған 13 жұп ауыздықтарды қарастыра келіп, Қазақстанда таралған қола ауыздықтардың төрт түрін көрсетеді. Олар сыртқы қайқы бастары үзеңгі тәріздес және қосымша тесігі бар (1 түрі), жай қайқы бастары үзеңгі тәріздес (2 түрі), сыртқы қайқы басы тіктөртбұрыш болып келген (3 түрі) және қайқы басы сақина тәріздес (4 түрі) ауыздықтар болып бөлінеді (Қадырбаев М.Қ. 1966, 383-384-б.). Қосымша тесігі бар үзеңгі тәріздес ауыздықтар Қазақстандағы ерте және кең таралған түріне жатқызылады.